

**Астана қаласы әкімдігінің «№2 өнер мектебі» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны мен Астана қаласы
әкімдігінің «Психологиялық қолдау орталығы» КММ арасындағы өзара
ынтымақтастық туралы**

МЕМОРАНДУМ

Астана қ.

«02» 12 2024 ж.

Астана қаласы әкімдігінің «№2 Өнер мектебі» ШЖҚ МКК (бұдан әрі – Мектеп), директоры Жарғы негізінде әрекет ететін Дүйсен Назгүл Жетпісбайқызы арқылы, бірінші тараптың атынан, «Психологиялық қолдау орталығы» КММ (бұдан әрі – Орталық), басшысы Жарғы ретінде әрекет ететін Капанова Гульмира Кадырбаевна арқылы, екінші тараптың атынан, бірлесе «Тараптар» деп аталатын, қосымша білім беру сапасын арттырудың жалпы принциптері мен мүдделерін басшылыққа ала отырып, қосымша білім беру саласындағы тәжірибені зерттеп, талаптардың ұмтылысын ескере отырып, сұхбат жүргізу және қосымша білім беру жүйесін дамытудың стратегиялық маңызды бағдарларын белгілеп, білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының бағдарламалық құжаттарын іске асыру мақсатымен өзара әрекет етудің маңыздылығын ескере келе, тараптардың озық тәжірибесі мен практикасын назарға ала отыра, өзара сыйластық, ашықтық пен тиімділік принциптерін негізге ала отырып, осы меморандумды жасасты:

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Өз әрекетінде Тараптар Қазақстан Республиканың «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Бала құқығы туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Заңдары және басқа да нормативтік-құқықтық актілер негізіндегі заңнамаларын басшылыққа алады.

2.МЕМОРАНДУМ МӘНІ

2.1. Осы Келісімнің негізгі мәні кәсіби мамандықтар бойынша қосымша білім беру саласындағы ынтымақтастық болып табылады.

2.2. Осы Келісімді орында мақсатында Тараптар өзара ынтымақтастықтың мынадай салаларын анықтайды:

2.2.1. Ғылыми-зерттеу қызметі (ғылыми-тәжірбиелік конференциялар, онлайн конференциялар, семинарлар, тренингтер, инновациялық жобалар сайысы, мақсаттарды жүзеге асыру қиындығы, прокрастинация, айналадағылармен және жақындармен қарым-қатынастағы қиындықтар бойынша сұхбаттық бөліктер);

2.2.2. Мамандықтар бойынша арнайы пәндерді оқыту әдістемесінің білім және тәжірбие алмасуы.

3.ТАРАПТАРДЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТУІ

3.1. Өнер мектебі:

3.1.1 Осы Меморандум аясында талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасын, ынтымақтастықтың жалпыға бірдей принциптері мен нормаларын басшылыққа алады және түсіністік пен тиімділік принциптерімен өзара әрекетті жүзеге асырады;

3.1.2. Өткізілетін іс-шаралардың тақырыбына сәйкес оқушылар немесе мұғалімдер қатарынан жүргізушілерді, музыкалық нөмірлерді ұсыну.

3.2. Психологиялық қолдау орталығы:

3.2.1 Ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, семинарларда, вебинарларда, тренингтерде, дөңгелек үстелдерде, кездесулерде мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру бойынша бірлескен іс-шараларға қатыстыру;

3.2.2. Сұраныс бойынша ата – аналарға және қосымша білім беру педагогтеріне психологиялық көмек көрсету.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1. Осы Меморандум өзара мүдделі басқа салалардағы ынтымақтастықты жоққа шығармайды. Ынтымақтастықтың әрбір жеке бағытын іске асырудың егжей-тегжейлері мен көлемі осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын Тараптар қол қойған қосымша келісімдерде айқындалады.

4.2. Тараптар осы Меморандум шеңберінде бірлескен жұмысты жүзеге асыру кезінде алынған кез келген ақпаратты екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа беруге болмайтынымен келіседі.

4.3. Тараптар ақпаратты сақтау, пайдалану және кез келген байланыс құралдары арқылы бір-біріне беру кезінде оны қорғауды қамтамасыз ету үшін тиісті шараларды қабылдайды.

4.4. Осы Меморандум шеңберінде берілген барлық ақпаратты оны ұсынатын Тараптың келісімінсіз, ол сұралған және берілгеннен басқа мақсаттарда пайдалануға болмайды.

4.5. Тараптардың келісімі бойынша Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Осы Меморандумның талаптары мен шарттарына түзетулер енгізуді қалайтын әрбір Тарап басқа Тарапты өзінің өзгертулер мен толықтырулар жобасын қамтамасыз ете отырып, бір ай бұрын жазбаша хабардар етеді.

4.6. Тараптар осы Меморандумды орындау кезінде іскерлік байланыстарды сақтауға және тиімділік пен өзара мүдделердің дамуын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.

4.7. Осы Меморандумға өзгертулер мен толықтырулар жазбаша нысанда жасалған және екі Тараптың уәкілетті тұлғалары қол қойған жағдайда ғана жарамды болады.

5. МЕМОРАНДУМНЫҢ ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІ

5.1. Осы Меморандум Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және үш жыл бойы әрекет етеді. Егер Меморандумның қолданылу мерзімінің аяқталуына 30 (отыз) күнтізбелік күн қалғанда Тараптардың ешқайсысы осы Меморандумның қолданысын тоқтату ниеті туралы мәлімдемесе, онда ол келесі үш жылға ұзартылады.

5.2. Меморандумның қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату Тараптардың бірі екінші Тарапқа Меморандумның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама жібергенге дейін кез келген Тараптың өтініші бойынша мүмкін болады. Бұл ретте Меморандум Тараптардың бірі тиісті жазбаша хабарламаны алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн өткеннен кейін тоқтатылды деп есептеледі.

5.3. Осы Меморандумның қолданылуын тоқтату, егер Тараптар әрбір нақты жағдайда басқаша шешім қабылдаса, осы Меморандумның қолданылуы тоқтатылған күнге дейін аяқталмаған оның шеңберінде жүзеге асырылатын жобаларға немесе бағдарламаларға әсер етпейді.

5.4. Қажет болған жағдайда осы Меморандумға Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын жазбаша құжатты ресімдеу арқылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

5.5. Меморандумның мәтіні әрбір Тарап үшін бір данадан орыс тілінде және қазақ тілінді екі данада жасалды.

6. ӨЗАРА НИЕТТЕР

Осы Меморандумды іске асыру мақсатында Тараптар:

6.1. Бірлесіп дайындалған бағдарламаларды, жобаларды және іс-шараларды жүзеге асыру.

6.2. Ақпарат алмасу, соның ішінде әртүрлі әлеуметтік желілер мен БАҚ арқылы.

6.3. Тараптар олардың арасындағы ынтымақтастық нысандары: келісімдер, хаттамалар, қарарлар және басқа да құжаттар болуы мүмкін екенін анықтады.

7. ҚОРТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1. Бұл Меморандум Астана қаласында жасалды «02» 12 2024 ж., орыс тілінде 2 (екі) данада және қазақ тілінде 2 (екі) данадан, Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден, бірдей заңды күші бар.

7.2. Осы Меморандумға қол қойған Тараптардың әрқайсысы өз өкілеттігі шегінде өзара келісім және белгіленген келісімдер қағидаттарында туындаған проблемаларды шешуде ынтымақтасуға міндеттенеді.

7.3. Осы Меморандумның ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер мен консультациялар арқылы шешеді.

8. ТАРАПТАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІ

8.1. Тараптар арасындағы байланысты жауапты тұлғалар жүзеге асыруы керек. Жауапты байланыс тұлғаларын Тараптар жазбаша түрде бөлек хабардар ететін Тараптар анықтайды. Меморандумға қол қойылған күнгі жағдай бойынша тараптардың жауапты тұлғалары:

Астана қаласы әкімдігінің «Психологиялық қолдау орталығы» КММ Астана қ., көш. Достық, 13 БСН: 240540031076 Телефон: +7 (771) 592 89 19 Электрондық поштасы: cpr_rko_astana@mail.ru Астана қаласы әкімдігінің «Психологиялық қолдау орталығы» КММ басшысы  (колы) М.П.	Астана қаласы әкімдігінің «№2 Өнер мектебі» ШЖҚ МКК Астана қ., көш. Достық, 13 БСН: 050440005152 Телефон: +7 (7172) 26-62-51 Электрондық пошта: oner_mektebi_2@mail.ru Астана әкімдігінің «№2 Өнер мектебі» ШЖҚ МКК директоры, магистр  (колы) М.П.
--	---